

Келес ауданы  
ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай балабақшасында өткізілген менгеруші  
жанындағы  
жиналыстың

**№ 1 Хаттамасы**

Катысқаны: 19

18-қазан

Катыспағаны:

2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына енгізілген өзгерістермен таныстыру, ендіру.
3. Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы.

Сөз алғандар: А.Дербисова

(мейірбике)

Б.Усербаева

(менгеруші)

А.Сапарбаева

(әдіскер)

МАД топ тәрбиешілері

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Б.Усербаева, жиналысты ашық деп жарияладап, күн тәртібіндегі мәселелрмен тансытырды.

Бірінші мәселе бойынша: бақшаның әдіскері, күн тәртібінің ұйымдастырылуын айтты. Біздің балабақшамызда жаңа оқу жылына күн тәртібі ұйымдастырылған. Әр топ өз жас ерекшелігіне сәкестендіріліп жасалған. Күн тәртібін тиімді ұйымдастыру бала тәрбиесі түрғысында өте пайдалы. Күндік режимді дұрыс ұйымдастыра білу- баланың өмірге бейімділігін арттырып, жұмысқа қабілеттің күшетеді, денсаулығын жақсартуға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып орындауларының шарт деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Б.Усербаева, сөз алды. Жаңа мемлекеттік стандарт талаптарына орай топтардың жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырып педагогикалық кадрларға қойылатын талаптармен, олардың біліктілігін арттырып және қайта даярладап, бала дамуының деңгейін жүйелі бағалап қамтамассыз етуіміз керек және нормативтік құжаттарды міндетті түрде орындаап мектепке дейінгі тәрбие мен

оқыту үйымдарының және мектепалды даярлық топтарының педагог кадрлары белгіленген тәртіпте қайта даярлаудан өтеді деді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер баяндады. Балабақшаға жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу мерзімінде әр бала әр түрлі сипатта өтеді. Қалай болғанда да ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай. Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана маҳабаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбешілер екінші ана әрі орта есеппен 15-20 балаға ортақ. Кез-келген ана мұны жақсы түснеді. Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаның ұнауына көмектесетін қарапайым ережелерді айтып отырдым.

Жалпы балалар арасында «балабақша жағдайына көнетін» және «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.

Нәтижесінде жаңа келген балалардың балабақшаға бейімделуі біздің балабақшаға үйрене алмай қиналған бала болған жоқ. Барлық балалар тез үйреніп, әр бала өз тобына және тәрбиешісіне бауыр басып кетті. Оған балаларға бақшаның ұнағаны және тәрбиешілердің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолданып, жақсы жұмыс жасағандарының нәтижесі. Демек балабақша көркейіп, жақсы жұмыс жүріп жатқандығын көрсетеді, - деп сөзін аяқтап, жиналыс сонында қаулы қабылданып шешім шығарылды.

### Шешімі:

1. Күн тәртібінің үйымдастырылуы әдіскерге жүктелсін.
2. ҚР «Білім туралы Заңнамасы» бапты оқып үйрену барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу жұмыстарын жандандыру әдіскерге жүктелсін.

Балабақша менгерушісі:  
Хатшы:



Б.Усербаева  
А.Сапарбаева